

## ИТТИҢ ВИРУСТЫҚ ЭНТЕРИТИ КЕЗІНДЕГІ ПАТОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ

А. Г. Дарменова, магистрант

Ғылыми жетекші: Қ. Ж. Кушалиев, вет. ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

*Иттердің вирустық энтериті кезінде ішкі мүшелеріндегі патоморфологиялық өзгерістерді гистологиялық және макроскопиялық зерттеулер нәтижесінде анықтадық. Вирустық энтерит кезіндегі айтарлықтай өзгерістер он екі елі ішектің эпителии клеткаларында айқын байқалады*

*С помощью гистологических и макроскопических исследований было установлено патоморфологические изменения внутренних органов при вирусном энтерите собак. Наиболее явные изменения при вирусном энтерите заметны в эпителии двенадцатиперстной кишки.*

*Pathomorphological changes in organs of dogs which were sick by virus enteritis after using histological and makroseopial research were determined. The most typical changes were found in the epithelium of duodenum when they were sick by virus enteritis.*

«Ит жеті қазынаның бірі» деп айтып отырамыз, себебі иттің адамға қызметі де, адалдығы да шексіз. Бірақ, үй жануарларының бұл қасиетін қадірлейтін адамдар өте аз. Себебі, қараусыз жүрген ит-адам денсаулығына қауіпті, жұқпалы инфекциялық аурулардың ошағы, әрі ауруды тасымалдаушысы ретінде танылады.

Жер бетінде кең таралған, тұқым түрлері үй иттерінің (*Canis familiaris*) халық шаруашылығындағы, жалпы адамның өмірінде рөлі тым жоғары. Олардың қызмет ететін иттер, аң-құсқа түсетін иттер және сәндік иттер деп үш топқа бөледі. Біздің елімізде бұл жануарлар күзет пен бақташылық істерінде, ел шекарасын қорғау мен кеден қызметкерлері салаларында, қылмыстық істерді ашуда, адам мен малды қорғау мақсаттарында пайдаланады. Сонымен қатар, биологияда, медицина мен ветеринарлық медицинада иттер недәуір жиі зертханалық жануарлар ретінде пайдаланады. Кейінгі жылдары халқымыздың табыстары артып, әл-ауқатының жоғарлауына байланысты, қалаларда әуесқойлықпен үй жағдайында иттерді өсіру етек алуда. Шет елдерден асыл тұқымды иттер әкелініп, ит питомниктері ұйымдастырылып жатыр. Осы айтылған жәйттер ит санының көбеюіне әкелуде [1].

Негізгі мақсаты – иттің вирустық энтеритінің патологиялық морфологиясын зерттеп білу.

Осы мақсатты шешу үшін төмендегідей міндеттер алға қойылды:

- вирустық энтеритке шалдығып өлген иттердің жасын, тұқымын, және аурудың өту ұзақтығын ескере отырып зерттеп білу,
- вирустық энтеритке шалдығып өлген иттердің ас қорыту, тыныс алу, несеп бөлу, иммундық жүйе мүшелерін гистологиялық және кейбір гистохимиялық зерттеулерден өткізіп, оларда туындаған өзгерістердің мән-мағынасын сипаттау,
- зерттелінген деректерді негізге ала отырып, иттің вирустық энтеритін патоморфологиялық зерттеулермен ажырат-тану ұстанымын анықтау.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесіне сүйенсек келесідей өзгерістерді байқауға болады.

Көбінесе асқорыту жүйесі мүшелерінің қабынуы айқын байқалады, дәлірек асқазан-ішек жолының катаральді немесе катаральді-геморрагиялық қабыну түрі тән. Асқазанның кілегей қабығының ісінуі мен гиперемиясы байқалады. 12-20 күндік күшіктердің өлекселеріндегі макроскопиялық өзгерістері айқынырақ байқалады, яғни көз конъюнктивасы бозғылт тартып, көкшіл түсті, тері асты клетчаткасы мен тері асты майлары мүлдем кездеспейді [2, 3].

Асқазанның кілегей қабығы әсіресе түбіндегі бөлігі ісінген, қызарған, қанталаған кілегеймен қапталған. Бүйрек маңындағы лимфа түйіндері ұлғайған, кескенде шырынды.

Бауыры борпылдақ массалы, кейбір күшіктерде бір қалыпты түсті емес. Бауыры мен бүйріктері гиперемияланған және дәнді дистрофия дамиды. Әсіресе бауырдың орталық бөлігінде айқын байқалады. Қан тамырлары қанға толы және гипocyттардың майлы инфильтрациясы айқын көрінеді.

Жүрегі ұлғайған, эпикардтың астында ұсақ геморрагиялық өзгерістері байқалады. Сонымен қатар миокардтың дистрофиясының бастамасы көрінеді.

Өкпеде ісінудің бастапқы сатысы айқындалса, бас миында ми қабаттарының гиперемиясы байқалады.

Асқазан мен тоқ ішектің эпителии клеткаларының кілегей дистрофиясын байқауға болады. Көптеген түтіктері атрофияланған (қысқарған, кейбіреулері мүлдем жойылған) және деформацияланған. Кілегей асты қабаты гиперемияланған, ісінген, кей жағдайларда геморрагияда кездеседі. Түтіктердің эпителиальді клеткаларының цитоплазмасын электронды микроскопия арқылы ұсақ вириондарын көруге болады [4].

Тоқ ішекте катаральді колит және аурудың жіті өту барысында ішектің қабырғасының қалыңдауымен және қабаттық кілегейлі қабатымен ерекшеленетін беткейлік – некротикалық колит байқалады. Қарын маңы лимфа түйіндерінде лимфаденит пен өкпеннің гиперемиясы және ісінудің бастапқы сатысымен ерекшеленеді (1-, 2-суреттер).



**1-сурет – Тоқ ішектің катаральді қабынуы**


Иттердің вирустық энтеритін балау әдістері биосынама қою, электронды микроскопия және иммунофлуоресценция арқылы балау әдістерін жүзеге үшін өлген күшіктерден пат материалды 1,5-2 сағ аспауы керек, себебі өлген жануарларда вириондардың лизденуіне байланысты [5, 6].

Сонымен қатар тік ішекте өзгерістер, яғни кілегей қабаты қызғылт түсті, геморрагиялық қабыну түрі мен қабырғасының қалыңдауыда кездесті.

Тоқ ішек қабырғасында қою-сарғыш түсті кілегейі анық байқалады. Асқазанның кілегей қабаты қатпарлы және негізгі бөлімі айтарлықтай қабынып, көпіршікті масса жиналғанын көрдік.

Бауыры қатты ұлғайған шекаралары анық емес. Талақтың көлемі ұлғайған қою-қоңыр түсті сұйықтыққа толы.

Қазіргі таңда еліміздің тәуелсіздігін дамытып, халық шаруашылығын дамыту арқылы еліміздің экономикасын жоғары деңгейге жеткізу басты мақсат. Соған орай жануарлар мен адам денсаулығын қауіпті індеттер мен күресу және алдын алу өзекті мәселе болып табылады [7, 8].



**2-сурет – Он екі елі ішектің геморрагиялық қабынуы**

Иттің вирустық энтериті кезінде келесідей патоморфологиялық өзгерістер кездеседі: көбінесе асқорыту жүйесі мүшелері (асқазан, ішек, бауыр), кейде жүректің де өзгерістері байқалады. Ішкі мүшелерде анықталған патоморфологиялық өзгерістерге қарап иттің вирустық энтериті екені анықталды. Сондықтан індеттік аурулардың алдын алу үшін нақты әрі уақытылы диагноз қою қажет.

Біздің зерттеулеріміз көрсеткендей иттің вирустық энтериті кезінде, ұлпалар мен мүшелерде тамырлардың толуымен, паренхиматозды элементтердің бұршақты дистрофиялануымен, лимфоидты-гистоцитарлы жасушалардың ошақты пролифирациясымен, бөлектелген бөлшектерде гепатоциттардың майлы инфильтрациялануымен сипатталтыны анықталынды.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Белов, А. Д. Парвовирусный энтерит II кн. Болезни собак / А. Д. Белов. –М. : Колос. – 1992. – с. 56.
2. Дубровина, Е. В. Лечение энтерита собак / Е. В. Дубровина. // В сб.: Набережные челны. – 1992. – С. 125-126.
3. Борисович, Ю. Ф. Диагностика инфекционных болезни собак // Ю. Ф. Борисович, Л. В. Кириллов, под ред Д. Ф. Осидзе – М. : Агропромиздат. – 1987. – с. 79-83.
4. Байматов, В. Н. Болезни нарушения обмена веществ в современном животноводстве / В. Н. Байматов, И. Д. Шпильман // Сельское хозяйство за рубежом. – 1980. – №8. – С. 25-28.
5. Данилов, Е. П. Болезни пушных зверей / Е. П. Данилов. – М. : Колос – 1984. – 156 с.
6. Сулимов, А. А. Тезисы докладов Всесоюзной науч. Конференции «Разработано, апробация и контроль ветеринарных препаратов » / А.А Сулимов. – М. – 1981. – 54 с.
7. Чижов, В. А. Инфекционные болезни собак / В. А. Чижов, Е. П. Данило, И. И. Декур и др. – М. : Агропромиздат. – 1990. – С. 270-273.